

"Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламентін бекіту және "Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2012 жылғы 26 сәуірдегі № 18-02/212 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 25 маусымдағы № 3-2/320 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 22 шілдеде № 9606 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 3-2/1078 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.12.2015 № 3-2/1078 (02.06.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2) тармақшасына және "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 14) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

**1. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 27.05.2015 № 3-2/482 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2. "Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2012 жылғы 26 сәуірдегі № 18-02/212 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Реестрінде № 7677 тіркелген, "Егеменді Қазақстан" газетіне 2012 жылғы 8 тамызда № 256-257 (27075-27076) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:**

Осы бұйрықпен бекітілген экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті

немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы қағида осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес баяндалсын.

3. "Ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік қызмет Регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 2 қазандағы 1-3/490 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Реестрінде № 8065 тіркелген, "Егеменді Қазақстан" газетіне 2013 жылғы 28 желтоқсанда № 346 (27620) жарияланған) 1-тармағы 15) тармақшасының күші жойылды деп табылсын.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы А.Қ. Евниевке жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 25 маусымдағы  
№ 3-2/320 бұйрығына  
1-қосымша

**"Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламенті**

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 27.05.2015 № 3-2/482 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылық министрінің  
2014 жылғы 25 маусымдағы  
№ 3-2/320 бұйрығына  
2-қосымша

# **Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асылтұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы қағида**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы Осы Қағида (бұдан әрі – Қағида), Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Заңының 13-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленді және импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) экспорттаушы елдердің құзыретті органдарымен берілген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжаттың тану тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар қолданылады:

1) асыл тұқымдық мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – Комитет) – асыл тұқымдық мал шаруашылығы саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын, аумақтық бөлімшелерімен бірге асыл тұқымдық мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның комитеті;

2) импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәліктің немесе оған балама құжаттың үлгісі (бұдан әрі – Үлгі) – экспорттаушы елдердің құзыретті органдарымен қабылданған асыл тұқымдық өнім (материал) туралы жалпы мәліметтердің жиынтығы;

3) импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжатты тану – осы Қағидамен бекітілген тәртіпте келісілген Үлгіге, импортталған асыл тұқымды өнімнің (материалдың) асыл тұқымдық куәлігінің немесе оған балама құжатының сәйкестігін растау рәсімі;

4) импорттаушы – Қазақстан Республикасына асыл тұқымды өнімді (материалды) әкелімді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

5) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәліктің немесе оған балама құжаттың үлгісін қарастыратын Комиссия (бұдан әрі - Комиссия) – келісуді жүзеге асыру үшін, импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжат үлгісін қарастыру құзыреті кіретін, жыл сайын Комитет немесе ірі қара малдың тұқымдары бойынша Республикалық палата (бұдан әрі - Палата) құратын алқалы орган;

3. Шетелден асыл тұқымды өнімді (материалды) алғаш әкелген кезде асыл тұқымды малдың осы түріне және тұқымына Үлгіні келісу рәсімі осы елден алғаш әкелінгенде жүргізіледі.

4. Импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжатты тану мынадай сатыларды қамтиды:

- 1) өтінімдерді қарастыру және асыл тұқымдық куәліктің көшірмелерін (түпнұсқасын) қарастыру және келісілген Үлгімен салыстыру;
- 2) асыл тұқымдық куәлікті тану туралы шешім қабылдау.

## **2. Үлгіні келістіру үшін асыл тұқымдық өнімді (материалды) импорттаушылардың өтінімдерін қарастыру тәртібі**

5. Импорттаушы, асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) белгіленген орынға әкелінуіне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша:

ірі қара малдың асыл тұқымдық өнімін (материалын) импорттаған жағдайда – Палатаға;

басқа жануарлардың асыл тұқымдық өнімін (материалын) импорттаған жағдайда – асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) белгіленген орны бойынша Комитеттің аумақтық бөлімшесіне (Комитеттің аумақтық бөлімшесі) өтініш береді;

Импорттаушы өтінішке Үлгіні қоса береді.

6. Ұсынылған Үлгіде мынадай мәліметтер көрсетілуі тиіс:

1) асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты берген құзыретті органның атауы;

2) импортер туралы мәлімет (заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда));

3) малдың туған жылы;

4) малдың лақап аты (бар болса);

5) сәйкестендіру номері (татуировка, сырға, чип, таңба – көрсетілгеннің ішінен біреуі немесе бірнешеуі);

6) малдың тұқымы (құжаттарда мәлімет болған жағдайда);

7) малдың жынысы (малды әкелген жағдайда);

8) асыл тұқымдық кітап бойынша тіркеу нөмірі немесе өкілетті органның тіркелімі (олар жүргізілген жағдайда);

9) малды генетикалық бағалау нәтижесі (өткізілген жағдайда);

10) шежіресі (экспорттаушы елдердің талаптарына сәйкес беріледі);

11) асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты берген күні (бар болса);

12) малдың түсі және ерекше белгілері (бар болса).

13) экспорттаушы елдерде қабылданған әдіс бойынша бағалау көрсеткішінің бар болуы немесе жануардың немесе экспорттаушы елде қабылданған әдіс бойынша тектерінің біреуінің өнімділігінің абсолюттік көрсеткіші. Мал шаруашылығында жануардың өзінің немесе экспорттаушы елдің құзыретті органымен ғаламтор-қорында жарияланған құжатпен тектерінің біреуінің өнімділігі туралы мәліметті ұсыну рұқсат етіледі. Асыл тұқымдық куәлікке немесе оған балама құжатқа қосымша түрінде, жеткізіп берушімен расталған, фермаішілік есептегі құжат бойынша жануардың тұқымы мен өнімділігі туралы мәліметті ұсынуға болады

7. Өтініш тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Үлгі:

Комитет құрған Комиссияда қарастыру үшін, Комитеттің аумақтық бөлімшесімен Комитетке;

Палатамен, Палата құрған Комиссияда қарастыру үшін жолданады.

8. Комитет құрған Комиссия Комитеттің, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігінің салалық құрылымдық бөлімшесінің, салалық ғылыми ұйымның, қоғамдық бірлестіктің өкілдерінен құралады, ал төрағасы – Комитеттің төрағасы болып табылады.

Палата құрған Комиссия, Палатаның және салалық ғылыми ұйымдардың өкілдерінен құралады, ал төрағасы – Палатаның басшысы болып табылады.

9. Комитет немесе Палата, отырысты өткізуге дейін 5 (бес) жұмыс күн бұрын өкілдері Комиссия құрамына кіретін ұйымдарды олардың Комиссия жұмысына қатысуын қаматамасыз ету бойынша шаралар қабылдауы үшін жазбаша түрде хабарландырады.

10. Комиссияның Үлгіні қарастыру мерзімі Комитетте немесе Палатада тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнді құрайды.

11. Комиссияның шешімі, Комиссия Төрағасымен және оның мүшелерімен қол қойылатын, еркін үлгідегі Акт түрінде қабылданады.

Комиссия мүшелерінің Актпен келіспеген жағдайда, Актқа келіспеу себептері көрсетілген қосымша дайындалып, Комиссияның келіспеген мүшелерінің қолдары қойылады.

12. Өтінілген Үлгіде немесе құзыретті органның ғаламтор-қорында орналастырылған құжаттарда Осы Қағиданың 6-тармағындағы мәліметтер көрсетілген жағдайда, Комиссия Үлгіні келісу туралы шешім қабылдайды.

Өтінілген Үлгіде немесе құзыретті органның ғаламтор-қорында орналастырылған құжаттарда осы Қағиданың 6-тармағында көрсетілген

мәліметтердің болмауы немесе сәйкес келемеуі, Үлгіні келістіруден бас тарту үшін себеп болып табылады.

13. Келісілген Үлгі:

1) импортталған ірі қара малға берілген асыл тұқымды куәліктің немесе оған балама құжаттың Үлгісі келісілген жағдайда – Палат сайтында;

2) басқа малдарға берілген асыл тұқымды куәліктің немесе оған балама құжаттың Үлгісі келісілген жағдайда – асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ғаламтор-порталында орналастырылады;

14. Комитет немесе Палата өтінілген Үлгінің келісілгені немесе келісуден бас тартылғаны туралы шешім көрсетілген Комиссия ұсынған Актыны алғаннан кейін өтініш берушіге бір жұмыс күні ішінде жолдайды.

15. Үлгіні экспорттаушы елдің құзыретті органы өзгерткен жағдайда Үлгі қайта келісуге жатады.

### **3. Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі**

16. Малдарды белгіленген орынға әкелгеннен және карантин аяқталғаннан кейін, импорттаушы әр малдың немесе асыл тұқымды өнімнің (материалдың) партиясының асыл тұқымдық куәліктің көшірмесіне (түпнұсқасына) сәйкестігін растау рәсімін өткізу мақсатында ірі қара малдың асыл тұқымды өнімін (материалын) импорттаған жағдайда – Палатаға немесе басқа малдардың асыл тұқымды өнімін (материалын) импорттаған жағдайда – Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне:

малдарды көзбен шолып тексеру үшін;

татуировкадағы, таңбадағы, тавродағы, биркадағы және басқа бірдейлендіру номерлерін бірге немесе жекеден қолда бар шет ел сертификаттарының түп нұсқаларымен немесе оған балама құжаттармен салыстыру үшін өтініш бере алады.

17. Экспорттаушы елдің құзыретті органы асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлігін немесе оған балама құжатты тану үшін, импорттаушы:

1) ірі қара малдың асыл тұқымды өнімін (материалын) импорттаған жағдайда – Палатаға;

2) басқа малдардың асыл тұқымды өнімін (материалын) импорттаған жағдайда – Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне еркін нұсқадағы экспорттаушы елдің құзыретті органымен асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлігін немесе оған балама құжатты тану туралы өтініш береді.

Өтініште:

жеке тұлғалар үшін – асыл тұқымды өнім (материал) әкелуді жоспарлаған жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын және тұратын жерін;

заңды тұлғалар үшін – асыл тұқымды өнім (материал) әкелуді жоспарлаған заңды тұлғаның атауын, мекенжайын және қызмет түрін;

экспорттаушы елдің атауын, малдың санын, түрін және тұқымын, ұрықтың немесе эмбриондардың саны, олардың қай түрге және тұқымға жататыны көрсетіледі.

Импорттаушы өтінішке экспорттаушы елдің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәліктердің немесе оған балама құжаттардың көшірмелерін және міндетті қайтарым шартымен олардың беттестіруге арналған түпнұсқаларын қоса береді.

18. Ірі қара мал бойынша малдың өзінің өнімділігі немесе тегінің біреуінің өнімділігі туралы мәліметтерді экспорттаушы елдің құзыретті органының ғаламтор-қорында орналастырылған құжаттардан ұсынуға болады.

19. Буаз малды импорттаған жағдайда экспорттаушы елдің тааптарына сәйкес болашақ тұқымның әкесі туралы мәлімет қосымша ұсынылады (тұқымы, тіркеу номері, екі жақтағы үш ата-тегінің шежіресі, ұрықтану немесе шағылысу кезеңі бойынша мәлімет).

Асыл тұқымды куәлікке немесе оған балама құжатқа қосымша түрінде жеткізіп берушімен расталған, ішкі фермерлік есептегі құжат бойынша болашақ тұқымның әкесінің шығу тегі мен өнімділігі туралы мәліметті ұсынуға болады.

Таза қанды мініс жылқылары үшін иесінің өзгергені туралы мәліметтерді көрсете отырып, экспорттаушы мемлекеттердің жокей клубтары берген халықаралық үлгідегі паспорт – асыл тұқымдық куәлікке балама құжат болып табылады.

20. Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) асыл тұқымды куәлігінің немесе оған балама құжаттының дұрыстығы экспорттаушы елдің құзыретті органымен расталады (басшының қолымен куәландырылып, мөрмен расталады).

21. Комитеттің аумақтық бөлімшесінің инспекторы немесе Палата маманы асыл тұқымды куәліктің немесе оған балама құжаттың көшірмесінде немесе түпнұсқасында көрсетілген барлық мәліметтерді Үлгімен салыстыруды жүргізеді және осы Қағиданың 17-тармағында көрсетілген өтініш түскеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде импорттаушыға осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану туралы қорытынды беріледі.

Экспорттаушы елдердің құзыретті  
органдары импортталған асыл  
тұқымды өнімге (материалға) берген  
асыл тұқымдық куәлікті немесе

Нысан

Кімге \_\_\_\_\_

(Асыл тұқымдық мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне немесе Ірі қара малдың тұқымдары бойынша Республикалық палатаға)

кімнен \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның фамилиясы, аты, әкесінің аты, ЖСН немесе заңды тұлғаның толық аты, БСН)

## Өтініш

Экспорттаушы ел \_\_\_\_\_ құзыретті органдары импортталған асыл (экспорттаушы ел атауы)

тұқымды \_\_\_\_\_ өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық (асыл тұқым өнімінің (материалдың) түрі)

куәліктің/оған балама құжаттың Үлгісін тануларыңызды сұраймын.

Импорттаушының мекен-жайы: \_\_\_\_\_

телефон № \_\_\_\_\_

Өзім ұсынып отырған құжаттардың дұрыстығын растаймын.

Мен, \_\_\_\_\_, асыл тұқым куәліктерінің келесі

түпнұсқаларындаға мәліметтер берілген үлгіге \_\_\_\_\_ сәйкес болатының растаймын.

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

М.О. (бар болса) (қолы)

Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы қағидаға  
2-қосымша

Асыл тұқым куәлігін немесе оған балама құжатты тану туралы қорытынды

1. Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген танылған асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжаттың тізімі

--	--	--	--

№	Асыл тұқымды мал туралы жалпы мәлімет						Асыл тұқымды малдың сәйкестендіру нөмірі**				Асыл тұқым куәлігінің немесе сертификаттың тіркеу нөмірі	Мал тұқид күнд мәлі
	түрі	жынысы	Тұқымы	Лақап аты және белгілері	Туған күні	Тірі салмағы, кг*	Құлақ сырғасы	электроннды чип	татуировка	таңба		Баға бойы сыне

2. Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген танылмаған асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжаттың тізімі

№	Асыл тұқымды мал туралы жалпы мәлімет						Асыл тұқымды малдың сәйкестендіру нөмірі**				Асыл тұқым куәлігінің немесе сертификаттың тіркеу нөмірі	Мал тұқид күнд мәлі
	түрі	жынысы	Тұқымы	Лақап аты және белгілері	Туған күні	Тірі салмағы, кг*	Құлақ сырғасы	электроннды чип	татуировка	таңба		Баға бойы сыне

\*- өнімділік бағыттағы етті ірі қара малдар, қойлар, шошқалар, жылқылар және түйелер үшін

\*\* - тізілгендердің ішінен біреуі немесе бірнешеуі көрсетіледі

\*\*\* - бағалау көрсеткіші бар болуы туралы белгі қойылады

Асыл тұқым куәлігін немесе оған балама құжатты тану туралы қорытындыны берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

М.О. (қолы)